

Ақсай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 141 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қаласы Ақсай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 242 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 қазанда № 4249 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің " Атырау қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 16 тамыздағы № 07-5/367 ұсынысына сәйкес Ақсай ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау қаласы Ақсай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 30 мамырдағы № 141 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4156 болып тіркелген, 2018 жылғы 11 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақсай ауылдық округ әкімі

С. Қазиев